

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**PROCEEDINGS
of the XX International Scientific Conference
for students and young scholars
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**2025
Астана**

УДК 001(06)
ББК 72я631
F96

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2025» студенттер мен жас ғалымдардың
XX Халықаралық ғылыми конференциясы = XX Международная
научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE
BILIM – 2025» = The XX International Scientific Conference for
students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2025». – Астана:
– 3813 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-08-5373-7

**Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас
ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті
мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.**

**The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young
researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities. В сборник
вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по
актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.**

УДК 001(06)
ББК 72я431
F96

ISBN 978-601-08-5373-7

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2025

808. 24	Пулатов Шерзод Аббозович	Межэтнический диалог и переговорные процессы в полиэтничном Казахстане: институциональные практики и политико-правовые основы	3603
809. 25	Сатвалдиев А.Г.	Қазақстандық этносаясатта «жанубий қозғалыс» газетінің алар орны және түрлі кезеңдердегі мемлекеттік саясаттың оның контентіне әсері	3608
810. 26	Токенов А.С.	Социальный капитал и доверие в казахстанском обществе: к вопросу о влиянии этнической структуры	3613
811. 27	Узарова Л.М.	Особенности коммуникации в сфере этномедиации	3617
812. 28	Урстенова Д.Д.	30 лет АНК: новые возможности народной дипломатии	3622
813. 29	Хмелевский В.А.	Межкультурное многообразие и общая историческая память В республике Казахстан	3627
814. 30	Чжан Цзинкай	«Цветные революции» в эпоху интернета (особенности противостояния в странах СНГ)	3630

6 – СЕКЦИЯ
ФИЛОЛОГИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ФИЛОЛОГИИ

**6.1 ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ЖАҢА ҮРДІСТЕРІ МЕН ДАМУ БАҒЫТТАРЫ
НОВЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ**

815.	Абдулла А. К.	Абай мұрасындағы сакралды ұғымдар	3610
816.	Алаудин Н. Ә.	Нәзира Бердалы поэзиясындағы фольклорлық үрдістер	3614
817.	Амантай Н., Қапсихқызы Д.	«Ескендір» поэмасындағы уақыт пен мәңгілік мәселесі: Абайдың философиялық концепциялары	3618
818.	Ахметбекова Т. У.	Б.Майлин мен А.Чехов әңгімелеріндегі сарказм	3622
819.	Байдуллаева Ж.К.	Қазіргі қазақ прозасындағы мистика жанры	3626
820.	Ғалымжанова З. Т.	Мемуарлық романдардағы тәрбие құндылығы	3629
821.	Дәуренбек А. Ж.	Тұрсын Жұртбайдың «Бесіңді түзе!..» еңбегі: Мұхтар Әуезовтің шығармашылық тағдыры және көркемдік шындық	3632
822.	Ергеш А. М.	Қабдыкәрім Ыдырысов поэзиясындағы интертекст және оның поэтикалық мәні	3638
823.	Еркін А.	«Телқоңыр» және ұлттық болмыс	3641
824.	Жакупова С.С.	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі ескілікті сынау тенденциясы: Ш.Торайғыровтың «Базарбай молдаға» өлеңі	3644
825.	Жақсыбаева Н. Ж.	Білім берудегі жаңа технологияның тиімділігі	3645
826.	Төребаева А.О.	Жүрсін Ерман арнау өлеңдерінің көркемдік ерекшелігі	3650
827.	Тұрсын Қ. А.	Бейсембай Кенжебаев – аудармашы	3656
828.	Сұлтанбек Ә.	Орыс тілді қазақ жастарының сөз сапасы: түйіткілдер мен шешімдер	3659
829.	Қажетерова Ш. С.	Еркін өлеңдердегі көлеңке образы	3664
830.	Қуанышбаева Н.А.	Тайыр Жомартбаев шығармашылығындағы балалар әдебиетінің көркемдік-жанрлық сипаты және алаш кезеңіндегі білім беру ісіне ықпалы	3669
831.	Құлшар Б. М.	Сатирадағы есімдер жүйесі және олардың эстетикалық-семантикалық жүктемесі	3673
832.	Махмутова А. Қ.	Абай Құнанбайұлының қара сөздері және ұлттық әдебиеттанудың жаңа үрдістері: білім және руханият	3676
833.	Молдахан Е. М.	Tiktok, Instagram секілді әлеуметтік желілерді әдеби білім беруде қолдану тәсілдері	3679
834.	Томабаева А. Ғ.	Шәкәрім мен Қожа Хафиздің философиялық үндестігі	3683
835.	Түсіпбек М. К.	Мұхтар Әуезов пен Оноре де Бальзак шығармаларындағы сыншыл реализм	3688

		принциптері туралы	
836.	Сайфуллаева Б. Б.	Орта ғасыр түркі ойшылдарының мұрасы мен Абай шығармаларындағы көркемдік дәстүр сабақтастығы	3692
837.	Шагирова Д. Р.	Көлеңке архетипінің көркем трансформациясы: Достоевскийдің «Сыңар» повесі мен Төлен Әбдіктің «Парасат майданы» негізінде	3696

**6.2 ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКОЗНАНИЯ**

838.	Абденкул Д.С.	Үйлену салт өлеңдеріндегі лингвотанымдық сипат	3700
839.	Абдрахман А.Е.	«Ер Төстік» жырындағы ең басты гендерлік көріністер мен символдар	3704
840.	Амирова А.Б.	Мақал-мәтелдер әлеміндегі билік пен гендер: қазақ және ағылшын паремияларының салыстырмалы талдауы	3708
841.	Анарбекова А.Б.	Оқушылар сөйлеу тіліндегі терминдер қолданысы	3715
842.	Бөгетбаева А.Т.	Жаһанданудың мәдени таптаурындардың қалыптасуына әсері	3719
843.	Дәулетші Д.Р.	Жалпықолданыстағы сөздерді термин ретінде қолдануда жарыспалылық мәселесі (ақпараттық технологиялар саласы бойынша)	3723
844.	Ермекқызы А.	Интернет лексиканың қолданысы	3726
845.	Жаныбекқызы Б.	Ұлттық фильмдердегі тілдік ерекшеліктер және әсерлеуші құралдар (көркемдегіш құралдар)	3730
846.	Жарылхасын Б.Қ.	Мұхтар Мағауин шығармашылығындағы фразеологизмдердің мәні	3733
847.	Қуандықова И.Р.	Кірме сөздер: игерілуі және электронды коммуникация ортасындағы қолданысы	3736
848.	Қайыркен А.О.	Корпустық лингвистика: қазақ тілін оқытудағы инновациялық бағыт	3743
849.	Қанатқызы А.	Зейнолла Шүкіровтың шығармаларындағы кейіпкер тілі мен стилі	3747
850.	Қуаныш Ә.	Methodology for the development of students' emotional competence in the lesson of the kazakh language	3751
851.	Қыдырбай Н.А.	Қазақ тіліндегі жаңа сөздер мен терминдердің пайда болуы және оларды қалыптастыру мәселелері	3755
852.	Мадиярова Д.М.	Жастар тіліне әлеуметтік желінің әсері	3759
853.	Меліс А.Б.	«Жер-Ана» ұғымының мағыналық ерекшеліктері	3762
854.	Муратбаева Ж.К.	Қазіргі қазақ киносындағы тілдік ерекшеліктер (комедия жанры негізінде: «Таптым-ау сені»)	3766

855.	Муратова М.	І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасындағы мінез-құлық метафоралары	3769
856.	Мұхтарова Ф.С.	Қазақ және қырғыз тілдеріндегі тағамға қатысты этнофразеологизмдер	3772
857.	Нугман А.А.	Фразеологизмдердің лингво-мәдени өрісі	3775
858.	Онгарбаева А.О.	Қазақ және өзбек фразеологизмдеріндегі киелі сандардың ортақ белгілері	3777
859.	Оразалина А.А.	К.Оразалиннің тілдік тұлғасын тану мәселесі	3781
860.	Оралбай А.О.	Қазақ тілін әлеуметтік желілерге танымал ету үшін контент стратегиялары	3785
861.	Оспан М.Ж.	Қазақ халқының мақал-мәтелдеріндегі «Бақыт» концептісі	3790
862.	Өркенқызы А.	Постмодернистік мәтіннің байласымы мен тұтасымын барлау	3794
863.	Рзалиева Р.Ж.	Ғаламтордағы тұлғаны тілдік кемсіту: себебі мен салдары	3798
864.	Сәбитқызы Б.	Жанат Әскербекқызының шығармашылығындағы концептуалды метафора	3802
865.	Түйлебаева Қ.Б.	Хаос және контекст	3805
866.	Тұранов Ы.Ә.	Әлихан Бөкейханов шығармаларындағы антропонимдердің психолингвистикалық сипаты	3809
867.	Уәлібек А.А. Беласар І.Қ.	Қазақ фразеологизмдерінің гендерлік аспектісі	3812
868.	Ұланова Е.Д.	Т.Әбдікәкімовтің «Ажал даласындағы тас» өлеңіндегі сөздердің қолданылуының математикалық жиілігі	3816
869.	Халмурат Е.С.	Mangurtism – future tragedy	3819
870.	Шиктыбаева А.	Жасанды интеллект арқылы өтірік өлеңдер құрастыру	3821

6.3 ОРЫС ТІЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ РУССКИЙ ЯЗЫК И МЕЖКУЛЬТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ

871.	Абдикадырова А.М., Аманджол А.Е., Беккалиқызы А.	Слово <i>хайп</i> и его производные	3825
872.	Амангелді А.Ж.	Слова-паразиты в речи современной молодежи	3828
873.	Аманшаева И.С., Мәлікова А.Н.	Слово прикол и его производные в молодежном сленге (на материале НКРЯ)	3832
874.	Дудко В.Н.	Языковые средства как механизм воздействия	3836
875.	Елубаева К.К.	Устойчивое выражение "24/7" в современной речи: аспекты значения	3841
876.	Жарлықасым Ж.К.	Синтаксические модели новостных заголовков в интернет-СМИ Казахстана	3844

877.	Жумабаева А.Б.	Лексикографический анализ лексемы «упрямство» в русском и казахском языках	3850
878.	Кеңес Н.С.	Жизненное кредо молодёжи Казахстана: лингвоаксиологический аспект	3853
879.	Қалихан А.А.	Специфика молодежной инвективной лексики (на материале соцсетей Tik Tok, Telegram)	3856
880.	Мазуркина У.А.	Фонетическая интерференция при обучении русскому языку как иностранному китайских студентов	3859
881.	МаксUTOва Д.Г.	Научная VS народная этимология объектов Астаны (по материалам уличных интервью инстагида Мити Байназарова)	3862
882.	Серикова Д.М.	Специфика обучения аудированию в 9 классе	3865

**6.4 ОРЫС ӘДЕБИЕТІ: КӨРКЕМ МӘТІНДІ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ТҮСІНДІРУ
РУССКАЯ ЛИТЕРАТУРА: АНАЛИЗ И ИНТЕРПРЕТАЦИЯ
ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА**

883.	Абдрахманова Э.	Bakhyt Kairbekov: the problems of creativity	3869
884.	Ерболат Д.	Фольклор как мотивообразующий элемент в повести З. Наурызбай и Л. Калаус «Приключения Бату и его друзей»	3870
885.	Ибраимова С.	Мотив самопожертвования в прозе Л. Улицкой	3874
886.	Кенжетай Б.	Фольклорные образы и мотивы в цикле «Кудыкины горы» Н. Черновой	3876
887.	Курмангалиева Г.	Метафора «необретенный рай» в романе Бахыта Кенжеева «Младший брат»	3879
888.	Мухамадиева К.	Особенности реализации категории «автора» и «скриптора» в романе Т. Толстой «Кысь»	3881
889.	Надирхан В.	Быт и нравы русского помещного дворянства в изображении Н.И. Новикова, Д.И. Фонвизина, А.Н. Радищева	3884
890.	Онгар А.	Символика круга в романе «Круг пепла» Д. Накипова	3888
891.	Оразалина А.	Литературное наследие Рымгали Нургали: социальные и философские аспекты в произведениях писателя	3891
892.	Өсербайұлы С.	Қазақ романының қалыптасу кезеңдері және дамуы	3893
893.	Сарсенбай М.	Концепция детства в литературе: культурный и философский контексты	3897
894.	Сералимова С.	Исторический контекст и культурные традиции в творчестве тюркоязычных писателей	3900
895.	Тахауикызы Ж.	Тема Древнего Новгорода в исторических и художественных произведениях Н.М. Карамзина	3903
896.	Турабекова И.	Образ современной российской женщины в произведениях Дарьи Донцовой	3907

897.	Цындра А.	Фольклорно-мифологический контекст образа ведьмы в повести Н.В. Гоголя «Майская ночь, или Утопленница»	3912
------	-----------	--	------

6.5 АУДАРМА ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘСЕЛЕЛЕРІ

ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА И МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ

898.	Айтбаева А.М.	Особенности аудиовизуального перевода на примере фильма «Inception»	3918
899.	Акимбекова К.Ж.	Прагматический аспект перевода рассказов Оскара Уайльда	3920
900.	Алпамыс Т.М.	Intercultural Features of Modality Expression in English and Kazakh: Translation Challenges	3922
901.	Амангелдиева А.М.	Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдегі кейбір соматизмдер аудармасы	3926
902.	Әбдірахман А.Қ.	Аудиовизуалды аудармада реалияларды беру ерекшеліктері	3928
903.	Бектлеуова А.С.	Тіл және әдеп: ұлттық ерекшеліктер мен аудармадағы ұстанымдар	3931
904.	Бультенова Д.Т.	Culinaryonyms as culturally marked lexis: issues of equivalence in translation from Kazakh into English	3933
905.	Дулатова А.А., Кадырова Р.Р.	Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдер мен мақал мәтелдердің ұқсастықтары мен айырмашылығы	3937
906.	Елибаева А.Т.	Лингвокультурные трансформации в аудиовизуальном переводе: анализ русской локализации фильма «Веном»	3941
907.	Жексемби Д.Д.	Аудармада қолданылатын цифрлық технологиялардың жетістіктері	3945
908.	Каткенова З.Д.	Childbirth celebration in Kazakh and English cultures	3950
909.	Қыдырбай Г.З.	Орта мектептерде ағылшын грамматикасын оқытуда коммуникативті әдістерді қолдану	3953
910.	Матыгулова А.Н.	Translation of documentary novels	3956
911.	Нығметулла К.Б.	Көркем әдебиет стилінің аудармасы: жасанды интеллект, машиналық аударма мен адам аудармасының салыстырмалы талдауы (Эрнест Хемингуэйдің «Килиманджаро – қарлы тау» әңгімесінің негізінде)	3959
912.	Райнбекова А.К.	«Жеті» санының ағылшын, орыс және қазақ тілдеріндегі фразеологиялық бірліктер мен аудармадағы көрінісі	3962
913.	Сейткенов К.Б.	Көркем мәтін тілі прагматикасын жеткізуде тіркесті бірліктердің аударылу ерекшеліктері	3966
914.	Сүндетова А.Н.	«Жаңбыр» концептісінің тілдік-танымдық сипаты және тіларалық берілуі (Э.Хемингуэйдің «Қош бол, майдан!» романы негізінде)	3972
915.	Утеулиева А.А.	Lexical-semantic types of non-verbal means and their translation	3978

**6.6 ШЕТЕЛ ФИЛОЛОГИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИНОСТРАННОЙ ФИЛОЛОГИИ**

916.	Айдарбекқызы М. Ермекқызы А.	Тілдердің жойылу қауіпі және қайта жаңғырту мүмкіндіктері	3983
917.	Асатова К.Т.	Semantic and Pragmatic Aspects of Anglicisms in Modern Kazakh	3986
918.	Аслялиева А.Ж.	Frequency and Functional-Semantic Analysis of Color-Denoting Adjectives in George Orwell's "Animal Farm"	3990
919.	Ахметбек Д.А.	Axiological characteristics of the biography of a virtual character	3996
920.	Байсұлтан А. Н.	Ағылшын көркем әдебиетіндегі бейвербалды қарым-қатынастың рөлі	3999
921.	Донбаева А. А.	Использование аутентичных текстовых материалов при обучении чтению в целях повышения мотивации к изучению иностранного языка	4003
922.	Жунусова А. К.	Ағылшын әдебиетіндегі «адамның оң мінезі» лексика-семантикалық өрісінің құрылымы	4008
923.	Кенесбаев А. С.	The language game in modern internet communication	4013
924.	Кенжебай А.Т.	Сравнение языка рекламы в английском и казахском языках	4015
925.	Сабилова Ж.Б.	Репрезентация концепта "семья" в англо-, казахоязычных публицистических дискурсах начала XXI века	4018
926.	Сериккалиева А. Ж.	Образность публицистического дискурса в новогодних речах: сравнительный анализ выступлений президента Казахстана и короля Великобритании	4020
927.	Тлемисова Ж. М.	Semantic analysis of the linguistic changes driven by generation Z's neologisms	4023
928.	Турсынбетова А. Н.	Балалар тіліндегі инновациялар мен олардың сөзжасамдық ерекшеліктері	4027
929.	Ундимисова А.Ж.	Английские пословицы и поговорки: их значение, употребление и русские эквиваленты	4030
930.	Хасенов И. Танабаев Т.	A brief overview of the origins and formation of the basic terms of electricity in English and Kazakh languages	4031
931.	Шандер Д.	The English language acquisition: why are you still unable to speak it?	4034

**6.7 ҚЫТАЙ ФИЛОЛОГИЯСЫ МЕН ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫ: ЖАҢА
БАҒЫТТАР МЕН ӘДІСНАМАЛАР
КИТАЙСКАЯ ФИЛОЛОГИЯ И ЛЕКСИКОЛОГИЯ: НОВЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ
И МЕТОДОЛОГИИ**

932.	Абдуллина А.Р.	Тіл мен мәдениеттің өзара байланысы және аудармадағы рөлі	4039
933.	Абдуразакова М. Д.	Ресми іс-қағаздардағы тұрақты тіркестер мен клишелердің аудару тәсілдері (қытай және	4043

		қазақ тілдерінің іскерлік құжаттары негізінде)	
934.	Асқар Н.	Лю Цысиннің “Үш Ғалам” (三体) ғылыми-фантастикалық роман трилогиясының стилистикалық ерекшеліктері	4046
935.	Дюсупжанова Ж.М.	Қытай фильмдерін қазақ тіліне аударудың ең танымал түрлері мен кең таралған әдістері	4049
936.	Кабышева А.Д.	Медициналық терминдерді қытай тілінен қазақ тіліне аудару мәселелері	4054
937.	Күшәнбек М.	Бақ-тағы қытай фразеологизмдерінің қазақ тіліне аударылу ерекшеліктері	4060
938.	Қалекенова Ж.Қ.	Мәдени революция кезеңіндегі әдебиеттің даму көрінісі	4065
939.	Майбас Ә.Т.	Қытай тілін шет тілі ретінде оқытудың бастауыш сатысындағы құрмалас сөйлемдердегі жалғаулықтардың оқыту мәселесі	4068
940.	Мамедова Р.В.	Сравнительный анализ китайских и казахских пословиц и фразеологизмов	4071
941.	Маметова А.М.	Медицина саласындағы кәсіби мәтіндерге лингвистикалық талдау	4076
942.	Мылтықбай Ж.А.	Қытай ауызекі сөйлеу стилінің қолдану аясы	4080
943.	Намазова Ж.Т.	Жасанды интеллект негізіндегі қытай тілін оқу: мүмкіндіктер мен шектеулер	4085
944.	Нұрлан Е.	Цянь Чжуншудың “Қоршалған қамал” романының көркемдік ерекшеліктері мен кейіпкерлер образы	4088
945.	Нұртай А.	«Өмір мен өлім мені қажытады» романында реинкарнация арқылы әлеуметтік жіктелуді бейнелеу	4093
946.	Сейлова А.А.	Влияние политической и культурной ситуации в Китае в период Тан на литературу	4097

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENTS**

**СЕКЦИЯ 7. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ
ECONOMIC SCIENCES**

**Подсекция 7.1 ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ АШЫҚТЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ**

**ОТКРЫТОСТЬ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ И ЕЕ ЭКОНОМИЧЕСКАЯ
БЕЗОПАСНОСТЬ**

OPENNESS OF THE NATIONAL ECONOMY AND ITS ECONOMIC SECURITY

947.	Асылбаева Ж.Е.	Цифровизация в жилищном строительстве: преимущества и перспективы	4100
948.	Аудан Д.Т.	Өнеркәсіп кәсіпорының тұрақты дамуының	4103

мәтіндер студенттерге тек заманға сай сөйлеулеріне ғана емес, сонымен қатар, болып жатқан оқиғалардың үрдісінде болуға, білім өрісін кеңейтуге, мәдени дәрежесін көтеруге көмектеседі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынұлы А. «Тіл-құрал» – Қазандағы баспалар, 1914.
2. Сыздық Р. «Сөз күдіреті»– Алматы: Атамұра, 1997.
3. Смағұлова Г. «Кірме сөздердің лексика-семантикалық ерекшеліктері» – Алматы: Қазақ университеті, 2012.
4. Бекбосынова Г. «Жаңа медиа және тілдік нормалар» – Алматы: Ғылым ордасы, 2019.
5. Мұсабекова Г. «Қазақ интернет кеңістігіндегі тілдік өзгерістер» – Алматы: Қазақ университеті, 2022.
6. Өмірбекова Қ. «Цифрлық коммуникация және тілдік өзгерістер» // «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, 2020.

ӘОЖ 811.512.122:37.0

КОРПУСТЫҚ ЛИНГВИСТИКА: ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒЫТ

Қайыркен Аружан Оразқызы

kairkenaruzhan@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті Қазақ тілі мен әдебиет білім беру
бағдарламасы, 4 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ш.Б. Саликжанова

Лингвистикалық корпус функциясы бір ғасыр уақыт бойы қалыптасып келді. Цифрландырылған уақытқа дейін сөздердің тура анықтамасын түсіну, сөздік пен лексикографияны құрастыру мақсатында, оларды контексте қарастыру жұмыстары қағазға түсіріліп, жинақталып, арнайы ұяшықтарда сақтау арқылы жүзеге асырылды. Компьютерлер шыққаннан бастап, лингвистикалық корпусардың пайда болуына алып келді.

Лингвистикалық корпусардың алғашқы нұсқаларын алдын ала цифрлық немесе алдын ала ақпараттық жазбалар деп атауға болады. Бұл жазбалар тілді жүйелі түрде зерттеуге бағытталмағанымен, тілдік мәліметтердің маңызды көзі болып табылады.

Алдын ала ақпараттық жазбалардың ішіндегі ең көп таралған түрі – діни жазбалар. Әсіресе, Інжіл мәтіндерінің корпусы кеңінен зерттелген. Бұл корпус мәтіндердің құрылымын талдау және олардың жиілік сипаттамаларын анықтау мақсатында қолданылған. Мұндай мәтіндерді талдау тілді стандарттауға, грамматикалық заңдылықтарды анықтауға және лексикалық қорды жүйелеуге көмектесті.

Інжіл мәтіндерінің корпусы тек діни мәтіндердің мазмұнын сақтаумен шектелмей, лингвистикалық зерттеулердің негізін қалыптастырып, болашақ корпус әдістеріне жол ашты. Сондықтан алдын ала цифрлық корпусар тілдің тарихи дамуын зерттеудегі маңызды дереккөз ретінде қарастырылады. [1]

19 ғасырдың соңы мен 20 ғасырдың басында лингвистикалық корпусарды қолдану қажеттілігі ғылыми зерттеулердің артуымен және тілдік мәселелерді шешуге деген сұраныспен байланысты болды. Зерттеушілер сөздердің мәтіндегі қолдану жиілігін, грамматикалық заңдылықтарын және мағыналық ерекшеліктерін анықтау үшін әртүрлі мәтіндік материалдарды жинады.

Компьютерлік технологиялардың дамуы бұл үдерісті жеңілдетіп, лингвистикалық зерттеулердің жаңа бағытын қалыптастыруда. Ақпаратты цифрландыру мәтіндерді электроны форматқа көшіруге, оларды жылдам өңдеуге және сақтау процесін жеңілдетуге көмектесті. Электронды мәтіндер арнайы бағдарламалар арқылы өңделіп, сөздердің қолданылу жиілігі, мағынасы және грамматикалық ерекшеліктері автоматты түрде анықтала бастады.

Цифрландыру тек жаңа корпустарды құруға ғана емес, бұрынғы мәтіндерді қалыпына келтіруге және зерттеуге мүмкіндік берді. Осылайша, ескі мәтіндер қайта өңделіп, жаңа аннотациялармен толықтырылды.

Алғашқы компьютерлік корпус 1961 жылы Браун университетінде құрылды. Ол 500 мәтіндік бөлімнен тұратын және әрқайсысында 2000 сөзден құралған ағылшын тіліндегі корпус ретінде алғаш рет АҚШ-та жарық көрді [2].

Лингвистикалық корпус – тіл білімінде тілдің қолданылуын зерттейтін ғылыми әдіс. Бұл әдіс белгілі бір тілге қатысты мәтіндердің электронды түрде жинақталуына негізделеді. Корпустық лингвистика тілдік бірліктердің қолдану ерекшеліктерін анықтап, олардың тілдік стильдер мен мәтін түрлеріндегі айырмашылықтарын зерттейді [2]. Корпустық зерттеулердің басты мақсаты – тілдің құрылымдық заңдылықтарын талдау арқылы тілдік құбылыстарды жан-жақты сипаттау.

Бүгінгі таңда лингвистикалық корпустар тек тіл білімінде ғана емес, сонымен қатар жаңа технологиялар мен жасанды интеллектінің дамуына да ықпал етті. Олар мәтін өңдеуге арналған компьютерлік бағдарламалары автоматтандырылған аударма жүйелерін және дауыстық көмекшілерді әзірлеуде негізгі ресурс ретінде қолданылады. Корпусқа негізделген зерттеулер тілдік модельдерді жетілдіруге және табиғи тілді өңдеу жүйелерін дамытуға мүмкіндік берді [2].

Алғашында лингвистикалық корпустар тек ғылыми зерттеулер үшін қолданылғанымен, уақыт өте келе олар тіл үйретудің маңызды құралына айналды.

Қазіргі таңда корпус шет тілдерін оқытуда кеңінен қолданылады. Бұл тәсіл тіл үйренушілерге сөздерді жаттап қана қоймай, оларды нақты сөйлеу жағдайларында қалай қолдану керектігін түсінуге көмектеседі. Грамматикалық ережелерді жаттау мен дәстүрлі оқыту әдістері көбінесе теориялық білім беруге бағытталған болса, корпусқа негізделген оқыту әдістемесі тілдік материалдың нақты қолданысына негізделеді [3, 93].

Қазақ тілінің лингвистикалық корпустарын құру және дамыту бағытында соңғы жылдары айтарлықтай жетістіктерге қолжеткізілді. Қазіргі таңда бірнеше маңызды корпустар жасалып, олардың қолдану аясын кеңейтіліп жатыр. Соның ішіндегі ең басты және қазір уақытта ауқымдысы қазақ тілінің Ұлттық корпусы (Qazqorpus) қазіргі таңда 30 миллионнан астам сөзқолданысты қамтиды. Оның ішінде 14 миллионнан астам сөзқолданысқа метабелгіленім жасалған, яғни мәтіннің авторы, жасы, мәтіннің тақырыбы, стилі, жанры туралы ақпарат енгізілген. Бұл корпус көркем әдебиет, ғылыми стиль, публицистикалық стиль, ресми және сөйлеу стиліндегі мәтіндерді қамтиды. Көлемі жағынан көркем әдебиет пен публицистикалық стиль мәтіндері басым. Бұл корпус тілдік зерттеулер үшін маңызды ресурс болып табылады және қазақ тіліндегі мәтіндік материалдардың жүйеленуіне ықпал етеді [4].

Соңғы жылдары қазақ тілін оқытуда цифрлық технологиялар кеңінен қолданыла бастады. Қазақ тілінің ұлттық кіші корпусы публицистикалық мәтіндерді жинақтап, олардың құрылымын талдауға мүмкіндік береді [5]. Мұндай корпус қазақ тілін үйренушілерге нақты қолданыстағы сөздер мен тіркестерді түсінуге көмектеседі. Корпустық лингвистика тіл үйренушілерге тек грамматикалық ережелерді ғана емес, шынайы мәтіндерде қолданылатын сөздер мен құрылымдарды меңгеруге мүмкіндік береді. Мұндай әдіс сөздердің нақты контексте қалай қолданылатынын көрсетіп, тіл үйренушілердің сөздік қорын кеңейтуіне көмектеседі. Корпустық зерттеулер арқылы жиі қолданылатын тіркестер мен сөздердің мағыналық

ерекшеліктерін талдауға болады. Бұл әсіресе көп мағыналы сөздерді дұрыс түсіну мен қолдану дағдысын қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, корпус материалдары стильдік айырмашылықтарды меңгеруге көмектеседі, яғни ресми және ауызекі тілдегі құрылымдарды салыстырып, олардың қолданылу ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Осылайша, корпустық лингвистика қазақ тілін үйренушілер үшін маңызды құрал болып табылады, өйткені ол сөздердің қолданылу ерекшеліктерін көрсетіп қана қоймай, сөйлеу мен жазу дағдыларын жетілдіруге де ықпал етеді.

Лексикалық мағынасы жақын сөздердің қолдану аясын түсіну үшін қолданысында маңызы зор. Сонымен қатар, айтарлықтай ғылым орталықтарында да жеке корпустардың пайда болуы тіліміздің дамуы көрсетіп оның барлық материалдарын сақтау жүйесіне өз үлестерін қосуда. Алматы қазақ тілі корпусы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жалпы тіл білімі және шетел филологиясы кафедрасының бастамасымен жасалған. Бұл корпус 2012 жылы әзірленіп, қазіргі таңда оның көлемі 40 миллионнан астам сөзқолданыстан тұрады. Корпус мәтіндері автоматты морфологиялық талдағыш көмегімен белгіленген, ал 86% сөзформаларға грамматикалық талдау жасалған. Бұл корпус негізінен мәтіндерді морфологиялық, синтаксистік және лексикалық тұрғыдан зерттеуге арналған [6]. Алайда шетелдік тәжірибеге сүйенетін болсақ, корпустың басты ерекшелігі – тілдің нағыз табиғи күйін көру, есту. Сол себепті қазақ тілі корпустары осындай талаптарға сай болуы керек. Оның бір жолы – ауызша материалдардың сақталуында. *KazakhSpeechCorpus* (KSC) қазақ тілінің сөйлеу тілін қамтитын ірі корпус болып табылады. Ол шамамен 335 сағаттық транскрипцияланған аудиофайлдардан тұрады. Бұл деректер әртүрлі аймақтардан жиналған, жас ерекшелігі мен жынысы әртүрлі адамдардың сөйлеуін қамтиды. Бұл корпус сөйлеуді тану, сөйлеу синтезі және сөйлеушіні тану технологияларын жетілдіру мақсатында әзірленген. *Kazakh Speech Corpus 2* (KSC 2) – қазақ тіліндегі алғашқы өнеркәсіптік ауқымдағы ашық бастапқы сөйлеу корпусы. Бұл корпус *Kazakh Speech Corpus* және *KazakhTTS* дерекқорларын біріктіріп, оған телебағдарламалар, радио, журналдар және подкасттар сияқты жаңа дереккөздерден алынған мәліметтерді қосады. Жалпы алғанда, бұл корпус 600 000-нан астам айтылымды қамтитын 1200 сағатқа жуық жоғары сапалы транскрипцияланған деректерден тұрады [7].

KazakhTTS және *KazakhTTS 2* жобалары қазақ мәтіндерін дыбыстық форматқа айналдыруға арналған. *KazakhTTS* алғашқы нұсқасы 90 сағаттық аудиожазбалардан тұрса, *KazakhTTS 2* көлемі 271 сағатқа дейін кеңейтілген. Бұл корпустар қазақ тіліндегі мәтіндерді дыбыстық синтездеу технологияларын дамытуға және жасанды интеллект жүйелеріне бейімдеуге негіз болуда [8].

Қазақ тілінің корпустарын жасау мен жетілдіру жұмыстары жалғасуда. Қазақ тілінің морфологиялық және синтаксистік құрылымын зерттеуге арналған корпустардың дамуы автоматтандырылған мәтін өңдеу жүйелерін жетілдіруге ықпал етеді. Сондай-ақ қазақ тілінің дыбыстық мәліметтерін қамтитын корпустар жасанды интеллект жүйелеріне интеграцияланып, дыбысты тану, сөйлеу синтезі және аударма технологияларын дамытуға мүмкіндік береді. Бұл жетістіктер қазақ тілін ғылыми, білім беру және технологиялық салаларда кеңінен қолдануға жағдай жасайды. Алдағы уақытта қазақ тілінің диалектологиялық, тарихи және салалық корпустарын дамыту, нейрондық желілер негізінде тілдік модельдерді жетілдіру, сондай-ақ қазақ тілін цифрлық платформаларға кеңінен енгізу маңызды міндеттердің бірі болып қала береді.

Қазақ тілін үйретуде сөздік қорды кеңейту мен сөз мағынасын нақты түсіну маңызды рөл атқарады. Hunston (2002) мен Sinclair (1991) еңбектерінде сөздердің нақты қолдану ерекшеліктерін зерттеудің маңыздылығы атап өтілген, бұл тәсілді қазақ тілінде де тиімді қолдануға болады. Қазақ тілінің ұлттық корпусындағы ең жиі қолданылатын сөздер мен олардың әртүрлі контекстегі мағынасын талдау арқылы оқушылар жаңа сөздерді жылдам

меңгеріп, олардың нақты қолданысын түсіне алады. Сонымен қатар, корпус негізінде лексикалық минимумды іріктеу арқылы тіл үйренушілер күнделікті қарым-қатынаста ең қажет сөздік қорды меңгеріп, тілді еркін әрі сенімді қолдануға мүмкіндік алады.

Қазақ тілін үйретуде ауызша сөйлеу дағдыларын дамыту маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Шетелдік тәжірибеде British National Corpus (BNC) және American National Corpus (ANC) сияқты ресурстар ауызша сөйлеу тілінің ерекшеліктерін зерттеуге және үйретуге кеңінен қолданылады. Бұл тәсіл қазақ тілінде де қолданылуы мүмкін, себебі тіл үйренушілер үшін тілді табиғи ортасына жақындату, фонетикалық ерекшеліктерін меңгеру және орфоэпиялық нормаларды сақтау өте маңызды.

Қазақ тілінде бұл мақсатқа жету үшін Kazakh Speech Corpus және KazakhTTS2 сияқты ресурстар ерекше рөл атқарады. Kazakh Speech Corpus-та әртүрлі аймақтардан жиналған сөйлеу үлгілері бар, бұл тіл үйренушілерге диалектілік ерекшеліктерді түсінуге, сөйлеу қарқынын қабылдауға және интонациялық құрылымды меңгеруге көмектеседі. Ал KazakhTTS2 ресурсы арқылы кәсіби дикторлардың дауысы негізінде сөйлеу мәнерін үйренуге, дұрыс екпін қоюға және орфоэпиялық нормаларды меңгеруге болады.

Жалпы, қазақ тілінің ауызша корпусын тіл үйренуде кеңінен қолдану қазақша сөйлеу дағдысын дамытуда үлкен жетістіктерге әкеледі. Біріншіден, бұл әдіс тіл үйренушілерге қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктерін меңгеруге көмектеседі. Екіншіден, табиғи сөйлеу үлгілерін тындау арқылы олар сөздердің дұрыс айтылуын үйреніп, сөйлеу жылдамдығы мен қарқынын реттей алады. Үшіншіден, қазақ тілінде сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға септігін тигізеді. Осылайша, Kazakh Speech Corpus және KazakhTTS2 ресурстарын тіл үйрету процесінде жүйелі түрде қолдану қазақ тілін үйренушілерге тілдік ортаға бейімделуге және өз ойын еркін жеткізуге мүмкіндік береді.

Қорытындылай келгенде, қазақ тілінің корпустары тіл үйренушілер үшін құнды ресурстар болатынына көз жекізуге болады. Шетелдік тәжірибеге сүйене отырып, корпусқа негізделген оқыту әдістерін қазақ тіліне бейімдеу арқылы лексикалық қорды кеңейту, сөздердің мағынасын нақты түсіну және ауызша сөйлеу дағдыларын жетілдіруге болады. Kazakh Speech Corpus және KazakhTTS2 сияқты ресурстарды тиімді пайдалану сөйлеу мәнерін қалыптастыруға, орфоэпиялық нормаларды меңгеруге және табиғи тілдік ортаға жақындатуға көмектеседі. Осы корпусстарды оқу үдерісіне жүйелі түрде енгізу қазақ тілін үйренуді жеңілдетіп, тіл үйренушілердің коммуникативтік қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Болашақта бұл ресурстарды одан әрі жетілдіріп, оларды қазақ тілін оқытудың негізгі әдістемелік құралдарының бірі ретінде кеңінен қолдана аламыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Калинина, Е. История и основные понятия корпусной лингвистики [Электрондық ресурс] // Digital Humanities зерттеу. – 2018. – Қол жеткізу режимі: <https://dhumanities.ru/?p=667>
2. Сүлейменова Э.Д. Қазақ тілі үшін ұлттық корпус керек пе? // TILTANYM. – 2015. – №2. – Б. 42-45.
3. Hunston S. Corpora in Applied Linguistics. – Cambridge: Cambridge University Press, 2002. – 260 б.
4. McEnery T., Hardie A. Corpus Linguistics: Method, Theory and Practice. – Cambridge: Cambridge University Press, 2012. – 287 б.
5. Qazcorpus – Қазақ тілінің ұлттық корпусы [Электрондықресурс]. – Қолжетімді: <https://qazcorpus.kz/>
6. Аитова А. Қазақ тілінің ұлттық кіші корпусы жасалды // ULT.kz. – 2024. – URL: <https://ult.kz/post/kazak-tilinin-ulattyk-kishi-korpusy-zhasaldy>

7. Қазақ тілінің корпусы [Электрондық ресурс]. – Қол жетімді: http://web-corpora.net/KazakhCorpus/search/?interface_language=kz
8. Kazakh Speech Corpus [Электрондық ресурс]. – Қол жетімді: <https://issai.nu.edu.kz/kz-speech-corpus/>
9. KazakhTTS2 [Электрондық ресурс]. – Қол жетімді: <https://issai.nu.edu.kz/kk/tts2-kaz/>

ӘОЖ 81'282

ЗЕЙНОЛЛА ШҮКІРОВТЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КЕЙІПКЕР ТІЛІ МЕН СТИЛІ

Қанатқызы Аяна
aia08k06@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті «Қазақ тілі мен әдебиеті»
мамандығының 1-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ж.Қ. Өмірбекова

Кез-келген поэзиялық шығарманың көркемдік бітімін тануда кейіпкер тілінің атқаратын рөлі зор. Олай дейтін себебіміз кейіпкер тілі арқылы автор сөз таңдап, әрлеп, тіл құралдары арқылы оны жеткізеді. Ақын З.Шүкіровтің «Клеопатра», «Перизаттың перзенттері», «Алау», «Олимпиада», «Адам мен тағдыр» поэмаларында анық берілген. Мәселен, ақынның «Алау» поэмасында патшаның түс көріп, оны балгерге жорытқан кездегі патша мен балгердің сөзін дәл бейнелеген:

Бейшара балгер жорып қалбалақтап:

– Періштең – Падама сұлу қардан аппақ

Ендеше өңінде де қойныңа еніп,

Ақ сүйрік, саусағынан бал жалатпақ [1, 243-б.].

Шаттанып шегір көзі Алдиярдың,

Қаңтарда қарт бурадай күркіреген [1, 246-б.].

Намыс отына булыққан патшаның ішкі сезімін, толғаныстарын осылай көрсетеді.

Поэмадағы кейіпкер тілі тек оның образын ғана танытып қоймай, мәтін тізіміне лайықтап, сөз таңдау үшін байланыстырған. Кейіпкер тілінің негізгі ұйытқысы «бейшара балгер», «періште Падама», «шегір көз Алдияр», «қарт бурадай күркіреген» сияқты тіркестермен көрнектеген.

Әдеттегі гармматикалық сөз түзілуінің орнын ауыстыру арқылы да тілді көркемдеген, лирика тілінің функциясы ойды ажарлы, шұрайлы көрсетуіне мән берген.

Кейіпкер – көркем шығармада суреттелетін оқиғаға қатынасушы адам.

Қаламгер кейіпкер тілін беруде үш түрлі суреттеу береді:

1. Кейіпкердің жасаған ортасын суреттейді, оқиға кейіпкерін сөйлетіп таныстырады.

2. Кейіпкердің қоғамдық жағдайын суреттейді.

3. Кейіпкер мінездемесін суреттеу.

Осы үш ерекшеліктерді ескере отырып, адамның әр кездегі сөйлеу сөзімен тілдік ұғым жасайды.

Кейіпкердің өзара сөйлесуі шығармада сыртқы сөйлеу тілі және ішкі ойлау тілі болады.

Стилистикалық сөздер – сөйлеуші мен жазушының өз ойын суреткерлікпен білдіруінде деп білеміз.

Әрбір мәтін өзінше функционалды стиль белгілейді. Кез келген мәтінді коммуникативтік міндетіне қарай және құрылысына қарай семантикалық ұйымдасуы тұрғысынан алсақ, З. Шүкіров шығармаларындағы лексикалық қайталама тізбек мәтіннің семантикалық ұйымдасуына қызмет